

**ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫНЫҢ, ҚЫРҒЫЗ ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ ЖЕР УЧАСКІСІН  
КАДАСТРЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КАДАСТРЛЫҚ КАРТАСЫН QGIS БАҒДАРЛАМАСЫ  
АРҚЫЛЫ ҚҰРАСТЫРУ**

**Талжанов С.А., Жанғожина Г.М., Майған А.Т.**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

Бұл зерттеу жұмысы Қарқаралы ауданындағы Қырғыз ауылдық округінің жер учаскелерінің кадастрлық бағалауын және кадастрлық картасын жасау мақсатында жүргізілді. Қырғыз елді мекені ауыл шаруашылығына маманданған аймақ болғандықтан, жер учаскелерінің көп бөлігі ауыл шаруашылығы мақсаттарына арналған. Зерттеу барысында, жерлердің жайылымдық және егістік мақсатта пайдалану ерекшеліктері, мал шаруашылығының даму бағыттары қарастырылды. Қырғыз ауылдық округінің кадастрлық картасын құрастыру үшін QGIS бағдарламасы пайдаланылды.

**Кілт сөздер:** Қырғыз ауылдық округі, Қарқаралы ауданы, жер учаскелерін кадастрлық бағалау, кадастрлық карта, QGIS, ауыл шаруашылығы.

This research work was carried out in order to make a cadastral assessment and cadastral map of land plots of the Kyrgyz rural district of Karkaraly district. Since the Kyrgyz settlement is a region specializing in agriculture, most of the land plots are intended for agricultural purposes. In the course of the study, the features of the use of land for pasture and arable purposes, the directions of development of animal husbandry were considered. To compile a cadastral map of the Kyrgyz rural district, the QGIS program was used.


**Keywords:** Kyrgyz rural district, Karkaraly district, Cadastral valuation of land plots, cadastral map, QGIS, agriculture.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** Қарқаралы ауданындағы Қырғыз елді мекенінің жер учаскелерін кадастрлық бағалау және кадастрлық картасын QGIS бағдарламасы арқылы құрастыру.


**Зерттеу әдістері мен материалдары:** Зерттеу жұмысы барысында жер учаскелерін кадастрлық бағалау әдістері қолданылып, QGIS бағдарламасы арқылы кадастрлық карта жасалды. Қарқаралы ауданындағы мемлекеттік кадастрлық деректер, жергілікті тұрғындар мен жер пайдаланушылардан алынған ақпараттар зерттеу жұмысының материалдары болып табылады.

Қырғыз ауылдық округі аудан орталығына көршілес аудан бөлігі. Орталығы - Бүркітті ауылы. Халық саны – 1204 адам. Жалпы ауылдық округтің жері – 37687 га[1]. Жалпы аудан ауыл шаруашылық саласына маманданған болғандықтан және мал шаруашылығымен айналысатын кіші кәсіпорындардың көп болуы себепті елді мекен жер учаскелерінің көп бөлігі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін алып жатыр (1-сурет).

Жайылымды біркелкі пайдаланбау, шамадан тыс жайылу, жекелеген жерлерді жүйесіз қолдану шөптің қалыңдығының түр құрамын нашарлатады және азайтады. Негізгі ауылдық елді мекендердің жерлері – 10366 га. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 25021 га (2-сурет).



1-сурет. Кыргыз ауылдык округү бойынша ауыл шаруашылыгындагы жер катынастары



2-сурет. Кыргыз ауылдык округү бойынша кадастрлык картасы

Жалпы карта құрастыру барысында QGIS бағдарламасы қолданылды. QGIS (Quantum GIS) – ашық бастапқы кодты географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) бағдарламалық қамтамасыздандыруы, картография және кеңістіктік талдау жасау үшін кеңінен қолданылады. Жалпы карта құрастыру барысында QGIS бағдарламасы көптеген пайдалы мүмкіндіктерді ұсынады. Мәліметтер бойынша [2]:

- Егістік – 2014 га, оның ішінде суармалы -500 га.
- Шабындық – 80 га
- Жайылым -18760 га
- Табиғи жайылым – 15479 га
- басқалары (тыңайған жер және т. б.) - 4167 га
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырақтарының тұздану деңгейі, % - әлсіз
- Бос жерлер және арнайы жер қоры – 1555 га
- Шабындық – 760 га
- Жайылым -656 га
- басқалары (тыңайған жер және т. б.)- 139 га

- Өзге де жерлер (өнеркәсіп жерлері, ерекше қорғалатын жерлер, орман және су қоры, сондай-ақ қалалардың жерлері) – 745 га

- Барлық егіс алаңы-барлығы – 4695 га.

Қырғыз елді мекенінде жалпы 32-жеке меншік шаруа қожалығы бар [3]. Елді мекенде мелиорациясыз жайлымды түпкілікті жақсартуға жарамды жерлерге шалғынды-қызғылт топырақтар жатады. Бұл топырақтардың жақсы табиғи өнімділігі бар, соған байланысты шабындыққа және сапасы орташа жайылымға қолдануға болады. Осы топырақтардың гумуспен, азотпен, фосформен қамтамасыз етілуі жақсы. Мұндай жерлерді егін шаруашылығына дақолдануға келеді. Түпкілікті жақсарту шараларын жүргізу үшін жерді жыртқандакөп жылдық шөптерді егеді. Осы егілген жайылым мен шабындықтарды алғашқы жылы күтім жасалу қажет. Елді мекен жер телімдерінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің бөлігі жақсарту жұмыстары жүргізуден өткен. Қазіргі кезде жайылымдарды жүйесіз қолданады. Малдардың басым бөлігі бұлақтың, өзеннің, ауылдың, маңайына ерте көктемнен күзге дейін жайылады. Мал шаруашылығы жүйесіне ірі қараны өсіру, қой, жылқы, өсіру жатады. Енді осының ішінде ірі қара малын өсіру елді мекеннің халық шаруашылығында маңызы зор. Тез өсіп келе жатқан тұрғынды бар ірі өндіріс орталықтарының негізгі азығы ет пен сүт болып табылады. Және кіші мал шаруашылығымен айналысушы шаруақожалықтардың мамандану саласы болып па есептеледі. Аудан бойынша негізгі ірі қара малын өсіруде 2 бағыт бар: біріншісі – сүтті ірі қара өсіру, екіншісі – етті ірі қара өсіру. Жоғарыда айтып өткендей кіші кәсіпкерлер көбінесе етті ірі қара өсіру шаруашылығымен айналысады. Етті ірі қара өсіру шаруашылығы экономикалық жағынан ерте көктемдік және қыстық, яғни маусымдық бұзаулау қолайлы. Жалпы аймақ бойынша етті мал шаруашылығы өріс алған. Ет бағытындағы ірі қарны өсіру негізінен шөлейт, дала, таулы аудандарында өсіріледі. Мал шаруашылығының ірі қой өсіру саласының табысты дамуына жайылымға жарамды жерлердің көп болуы себеп. Ал аймақ бойынша жайылымның жалпы көлемі – 18760 га [4]. Аймақтың қой шаруашылығының табысты дамуына бар жағдайлар жасалынған. Бұл сала кең жайылымға жарамды жерді алып жатыр, және өзіне қажетті техникамен қамтамасыз етілген. Қой өсірудің негізгі бағыты етті-майлы болып келеді, ал негізгі жоспарлы түрде үлес салмағы 78,8% болатын «еділбай» тұқымы бекітілген. Мал шаруашылығының тағы бір саласы – жылқы өсіру болып табылады. Аймақтың көп бөлігінде жылқы шаруашылығы кеңінен таралған. Егіншілік жүйесінің ең басты міндеті – топырақтағы құнарлы заттардың дұрыс айналымын қамтамасыз ету, яғни олардың егінмен шығарылуын толықтыру және кейіннен шығымдылықты арттыру үшін белгілі бір қор түзу. Тек осындай жағдайда ғана ауыспалы егісте егілетін барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын дәйекті түрде арттыруға болады. Жер территориясын ұйымдастыру: дақылдарды дұрыс ауыстыра отырып, ауыспалы егісті еңгізу, шығымдылығы жоғары дақылдар мен сорттарды іріктеу, топырақты дұрыс өндеу, қорғау үшін орман отырғызу. Міне, осының бәрі егіншілік жүйесінің құрамдас буындары болып табылады.

Қырғыз елді мекенінің жер учаскелері ауыл шаруашылығына маманданған. Сондақтан елді мекеннің картасызбасына мәнберсек жер учаскелерінің көп бөлігін ауыл шаруашылық жерлері қамтыған. Қырғыз ауылдық округінде жер ресурстарын тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығын

дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер бар. Жердің сапасын арттыру, дақылдарды дұрыс ауыстыру және мал шаруашылығын жаңғырту арқылы аймақтың экономикасын күшейтуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
2. «Шаруа қожалықтарын ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін мониторингілеу нәтижелері туралы есеп» [Электронды ресурс].
3. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ есебі. «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерледің жеке меншік иелер есебі» [Электронды ресурс].
4. «Қарқаралы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ мәліметтері. «Ауданның жер бөлінісі есебі» [Электронды ресурс].

#### **УДК 551.4**

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ САЛУДАҒЫ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

**Талжанов С.А., Еркін М.П.**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

The article examines Kazakhstan's nuclear energy prospects, addressing electricity shortages, ecological goals, public concerns, infrastructure gaps, and nuclear medicine advancements, emphasizing the need for a comprehensive approach and public trust.

**Key words:** nuclear energy, electricity shortage, ecological commitments, radioactive waste, seismic risks, infrastructure, nuclear medicine, public trust, comprehensive approach.

Біз еліміздің энергетикалық секторының болашағын айқындайтын маңызды таңдаудың алдында тұрмыз. Қазақстан энергетика саласында бірқатар мәселемен бетпе-бет келуде: модернизацияға мұқтаж көмір электр стансаларына деген тәуелділіктен арыла алмай отырмыз, электр энергиясының тапшылығы, әсіресе оңтүстік өңірлерде, күшейіп барады. Ал мұның сыртында Қазақстанның 2060 жылға қарай жаһандық экологиялық стандарттарды сақтау мен көміртегі бейтараптығына ұмтылу бойынша міндеттемелері тұр.

Дүние жүзіндегі ең алғашқы АЭС 1954 ж. Обнинск (КСРО) қарамағындасалынды. Оның қуаты 5Мвт болды. Кейін Колдерхоллда (Англия) қуаты 60 Мвт, Шиппингпортта (Америка) АЭС-тары жұмыс істей бастады. Америкада тұтынуға қажетті барлық электр энергиясының 23-ін, Францияда 75-ін, Жапонияда 48-ін АЭС береді. Ақырында дүние жүзіндегі АЭС-тердің жалпы қуаты 500 000 Мвт жетті. Ядро энергиясынан электр тогын тікелей (турбинасыз, электр генераторсыз) алу жолдары да зерттелуде. Әсіресе, термоядролық энергияны игеруісіне халықар. қауымдастықтарат салысуда. Ондай АЭС-тер адам баласының тұтынуына қажет энергия мәселесін түпкілікті шешетін болады.